



Эндемик өсімдіктер: Кауфман ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

Орындаған: Мырзатай Т.Қ.
Қабылдаған: Екейбаева Д.П.



Кауфман қызғалдағы (лат. *Tulipa kaufmanniana*)

– **лалагүлдер** тұқымдасының қызғалдақ туысына жататын көп жылдық жуашықты өсімдік. Қазақстанда Қаратаудың, Талас Алатауының, Өгем жотасы мен Қоржынтаудың тастақты жерлерінде, тауалды аймақтан субальпі белдеулеріндегі тау жылғаларының жағалауларында өседі.

Биікт. 40 см-дей, жуашығының пішіні жұмыртқа тәрізді, сыртын кара қоңыр қабық жапқан. Жапырағының саны 2 – 3-тен аспайды, ұзынша немесе эллипс сияқты. Гүлі дара жетіледі, ішкі жағы ақ, онда ұсақ сары дақтар анық көрінеді, ал сыртқы беті қызыл немесе күлгін түсті. Тұқымынан көбейеді. Наурыздың аяғынан маусымға дейін гүлдейді. К. қ. – сәндік өсімдік, әсіресе селекцияда көп пайдаланылады, 200-ден астам сорты бар. К. қ-ның жылдан-жылға таралу аймағының азаюына байланысты сирек кездеседі. Қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.





Биіктігі 10-40 см, пиязшығы жұмыртқа тәрізді, жуандығы 1,5-4 см, қара қоңыр терілі, ішкі жағы едәуір жатаған түкті қабықты.

Сабағының жоғарғы жағы түкті; жапырақ саны 2-3-еу, қайырылған немесе шамалы бүгілген, жалаңаш, кірпікшелі, әдетте гүлден аспайды, төменгі жапырағы сопақша немесе ұзынша эллипс тәрізді, ені 2-6 см.

Гүлі біреу; гүл серігі ақ, түбі сары дақты немесе сары, сүйір немесе доғал, сыртқыларының жоны жалпақ күлгін немесе қызғылт күлгін (сирек қызыл немесе қызғылт түсті даралары да кездеседі), ішкілерінен едәуір ұзын, ұзындығы 2,5-8 см, таспа тәрізді немесесопақша таспа, ішкілері ұзынша эллипс тәрізді; аталықтары гүл серігінен 2 есе қысқа, олардың жіпшелері жалаңаш сары, сары, тозаңдықтары сарғыш, сызықты, жіпшелерінен 3-4 есе ұзын, ширатылған; шел түйіні аталықтан қысқа, аналық ауызы орнықты дерлік; қорапшасының ені 1,5-2 см, ұзындығы 3-6 см.



Пайдаланылған әдебиеттер

Wikipedia.Kz – интернет желісі

Stud.kz – студенттер порталы